

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support

AE2600

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2
Қауіпсіздік	2
Ескерту	3
2 Тасымалы радио	4
Қораптың құрамы	4
Кіріспе	4
Негізгі құрылғыны шолу	5
3 Жұмысты бастау	6
Қуатты қосу	6
Сағатты орнату	7
Қосу	7
4 Радио тыңдау	8
FM/MW диапазонын таңдау	8
Радио станцияға реттеу	8
Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	8
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	8
Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	9
5 Басқа мүмкіндіктер	10
Дыбыс деңгейін реттеу	10
Құлақаспап арқылы тыңдау	10
6 Өнім туралы ақпарат	11
Тюнер	11
Жалпы ақпарат	11
7 Ақаулықтарды жою	12

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымша құралдарды немесе аксессуарларды қолданыңыз.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе өнімнің зақымдалуын болдырмау үшін:
 - Батареяларды өнімде белгіленгендей + және - белгілері бойынша дұрыстап салыңыз.
 - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
 - Өнім ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып қойыңыз.
 - Батареяларды күн сәулесі, от немесе т.с.с сияқты артық қызу көзіне шығармау керек.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Есту қауіпсіздігі

A pleine puissance, l'écoute prolongée du baladeur peut endommager l'oreille de l'utilisateur.



Абайлаңыз

- Есту қабілетіне келетін ықтимал зақымның алдын алу үшін жоғары дыбыс деңгейімен ұзақ уақыт тыңдамаңыз.

Құлақаспаптың максималды шығыс кернеуі 150 мВ-тан аспайды.

Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты аспаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз. Құлақаспапты көлік жүргізгенде, велосипед, скейтборд т.б. пайдаланғанда қолданбаңыз; апатты жағдай туғызады және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.

Динамик шығысынан басымдығы төменірек құлақаспап шығысы жай қосымша опция болып табылады.

Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Еуропалық одақ үшін ескертпе



Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді.

Ескірген өнімді тастау

Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдардың қалдықтарын жинау жөніндегі жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдарды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін зиянды әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

II сыныпты жабдықты таңбасы

Бұл таңба осы өнімде екі еселік оқшауланған жүйенің бар екендігін көрсетеді.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік ораушы.) Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

**Ескертпе**

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

2 Тасымалы радио

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.


- Негізгі бөлік
- Қуат адаптері
- Басып шығарылған материалдар

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- уақытты білу;
- FM/MW радио станцияларын тыңдау.

Негізгі құрылғыны шолу



① SCAN/PROG

- Бағдарламалау режиміне кіру.
- Радио станцияларды автоматты түрде іздеу және сақтау.
- Күту режимінде уақытты орнату.

② BAND

- Тюнер диапазонын таңдаңыз: FM немесе MW.

③ ϕ

- Радионы қосу немесе күту режиміне ауыстыру.

④ Дисплейлі панель

- Уақыт/радио ақпаратын көрсету.

⑤ AC IN

- Айнымалы ток қуатының ұяшығы.

⑥ H

- Құлаққап ұясы.

⑦ VOLUME +/--тұтқасы

- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑧ + TUNING -

- Радиостансаны реттеу.
- Сағат/минут сандарын реттеу.

⑨ 1 - 5 сандық пернелері

- Алдын ала орнатылған радио станцияны орнату немесе таңдау.

⑩ Антенна

- Радио қабылдауды жақсарту.

3 Жұмысты бастау

! Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Қуатты қосу

Бұл радионы айнымалы ток қуатымен немесе батарея қуатымен пайдалануға болады.

Батареяның қызмет көрсету мерзімі (шамамен сағат)


R14 (C өлшемі) 38

1-таңдау: айнымалы ток қуаты

! Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток шнурын ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.

- Қамтамасыз етілген АТ қуат сымын мынаған жалғаңыз:
 - құралдың артқы жағындағы AC IN розеткасына және
 - розеткаға.




Батареяларды орнату

! Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Өнімді бұзып алу қаупі! Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяны шығарып алыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 4 x 1,5 В R14/C CELL/UM2 батареяларын (қамтамасыз етілмеген) дұрыс полярлықпен (+/-) көрсетілгендей салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.





- Негізгі құрылғы батареялардан қуат алса, артқы жарық кез келген әрекеттен кейін 5 секунд бойы жанады.

Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде **SCAN/PROG** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
↳ **[24H]** немесе **[12H]** жыпылықтай бастайды.
- 2 Уақыт пішімін орнату үшін **+ TUNING** - түймесін басыңыз, содан кейін растау үшін **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 3 Сағатты орнату үшін **+ TUNING** - түймесін басыңыз, содан кейін растау үшін **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.
↳ Минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Минутты орнату үшін **+ TUNING** - түймесін басыңыз, содан кейін сағат параметрін растау үшін **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.

Қосу

- Радионы қосу үшін **⊕** түймесін басыңыз.
↳ Радио соңғы таңдалған диапазонға ауысады.
- Радионы күту режиміне ауыстыру үшін **⊕** түймесін қайтадан басыңыз.
↳ Тақтада сағат (орнатылған болса) көрсетіледі.

4 Радио тыңдау

↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

FM/MW диапазонын таңдау

- 1 Радионы қосу үшін **⊖** түймесін басыңыз.
- 2 FM немесе MW толқындар диапазонын таңдау үшін **BAND** түймесін басыңыз.

Радио станцияға реттеу

Радио станцияны реттеу үшін:

- FM/MW режимінде **+ TUNING** - түймесін басып тұрыңыз.
↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.

Радио станцияны қолмен реттеу үшін:

- FM/MW режимінде оңтайлы қабылдауды тапқанша **+ TUNING** - түймесін қайталап басыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 5 алдын ала орнатылған FM радио станциясын және 5 алдын ала орнатылған MW радио станциясын бағдарламалауға болады.

- 1 Радионы қосу үшін **⊖** түймесін басыңыз.
- 2 FM/MW режимінде **SCAN/PROG** түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 5 алдын ала орнатылған FM радио станциясын және 5 алдын ала орнатылған MW радио станциясын бағдарламалауға болады.

- 1 Радионы қосу үшін **⊖** түймесін басыңыз.
- 2 FM/MW режимінде радио станцияға реттеу үшін **+ TUNING** - түймесін қайталап басыңыз.
- 3 Радио станцияны сәйкес нөмірге сақтау үшін сандық пернені (1 -5) басып тұрыңыз.
- 4 Қосымша станцияларды бағдарламаға енгізу үшін 2-3 қадамдарын қайталаңыз.

Жоғарыдағы 3 қадамында сонымен бірге радио станцияларды келесідей бағдарламалауға болады:

- 1 Бағдарламалау режиміне кіру үшін **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.
- 2 Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін **+ TUNING** - түймесін қайталап басыңыз, содан кейін растау және станцияны сәйкес нөмірге сақтау үшін **SCAN/PROG** түймесін басыңыз.
- 3 Қосымша станцияларды бағдарламалау үшін 1 - 2 қадамдарын қайталаңыз.



Keңес

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін оның орнына басқа станцияны бағдарламалаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау


- 1 Радионы қосу үшін Φ түймесін басыңыз.
- 2 FM/MW режимінде алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау үшін **1 - 5** түймесін басыңыз.

5 Басқа мүмкіндіктер

Дыбыс деңгейін реттеу

- Ойнату кезінде дыбыс деңгейін арттыру/азайту үшін **VOL** тұтқасын бұраңыз.

Құлақаспап арқылы тыңдау

- Құлақаспапты (жинақта жок) құрылғыдағы  ұясына қосыңыз.

6 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,50 - 108,00 МГц MW: 531 - 1602 кГц
Реттеу торы	FM: 50 кГц; MW: 9 кГц
Сезімталдық:	
- Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	FM: < 22 dBf; MW: 3250 μ V/m
- Stereo, 46 дБ С/Ш қатынасы	FM: > 43 dBf
Іздеу сезімталдығы	FM: > 28 dBf; MW: 6000 μ V/m
Жалпы гармоникалық бұрмаланулар	FM: < 3%; MW: < 3%
Сигнал-шу арақатынасы	FM: > 55 дБ; MW: > 40 дБ

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	EML412511VD; IN 220 В~240 В 50 Гц/60 Гц; OUT айнымалы ток 5 В ~ 1А
Батарея	6 В, 4x1,5 В Өлшемі «С»/R14/UM2 CELL
Номиналды шығыс қуаты	1,2 Вт
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	< 5 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы	< 1 Вт
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	138,5 x 186 x 79 мм
Салмағы (Негізгі құрылғы, орамсыз)	0,57 кг

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/welcome) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Қуат сымы дұрыстап қосылғанын тексеріңіз.
- АТ желісінде қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Батареялар дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- Батареялар таусылмағанын тексеріңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Құлақсапты ажыратыңыз.

Сағат параметрі өшірілген

- Батареяларды ауыстырыңыз.
- Қуат үзілген немесе қуат ашасы ажыратылған.
- Сағатты қайта орнатыңыз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Батареяларды қайта орнатып, құрылғыны қайтадан қосыңыз.
- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе басқа радиация көздерінің арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Антеннаны толығымен ұзартыңыз.
- Антеннаның орнын реттеңіз.



Specifications are subject to change without notice.
2014 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX
Innovations Limited or one of its affiliates, further referred
to in this document as WOOX Innovations, and is the
manufacturer of the product. WOOX Innovations is the
warrantor in relation to the product with which this booklet
was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are
registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

AE2600_UM_12_V1.0

